



XFTAP 10.77.51

А.Б. Байсултанов

Қазақстан Республикасы ІІМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты,  
Ақтөбе, Қазақстан  
(E-mail: baisul@mail.ru)

## Ауырлататын мән-жайларда бас бостандығынан айыру орындарынан, қамақтан немесе күзеттен қашудың сипаттамасы

**Аңдатпа.** Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 426-бабының 2-бөлігімен көзделген бас бостандығынан айыру орындарынан, қамақтан немесе күзеттен қашуды ауырлататын мән-жайларда жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық туралы мәселелер қоғамдық қауіптілігі дәрежесі жағынан едәуір алаңдатады. Сол себепті ауырлататын мән-жайларда қашу жасауды зерттеудің өзектілігі еш күмән туғызбайды.

Зерттеудің мақсаты отандық және шетелдік қылмыстық заңдардағы осы қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлататын белгілерін салыстыра отырып, қолданыстағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныс білдіру болып табылады.

Зерттеу жұмысының нәтижесі қашудың ауырлататын белгілерін талдау, қолданыстағы норманы қолдануда әрқилы талқылауға жол бермеу үшін, заңды бір үлгіде қолдану мақсатында және қашу жасауда кінәлі адамдардың қоғамға қауіптілігі дәрежесіне қарай жауаптылығын жеке-даралау үшін, сондай-ақ бірнеше жылдар кезеңіндегі сот-тергеу тәжірибесінің материалдарын зерделеу негізінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 426-бабына бірқатар ауырлататын және аса ауырлататын белгілерді енгізу туралы ұсыныс білдіру. Мәселен, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 426-бабын жаңа 3-бөліммен толықтыруды, онда аса ауырлататын белгілерінің бірі ретінде «өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолданылып не осындай күш қолданымын деп қорқыту арқылы жасалған қашуды» көздеу, іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігіне тәуелді оны жасағаны үшін жауаптылық та жеке-даралану ұсынылған.

**Кілт сөздер:** бас бостандығынан айыру орындары, қашу, ауырлататын мән-жайлар, саралау белгілері, адамдар тобы, қару, күш қолдану.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2022-139-2-76-87>

### Кіріспе

Ауырлататын мән-жайлар іс-әрекеттің негізгі құрамының белгілерімен сипатталған қоғамдық қауіптілігінің дәрежесімен салы-

стырғанда жоғарылығын дәлелдейтін қылмыс құрамының белгілері болып табылады.

Қылмыс құрамын ауырлататын белгілердің жаратылысы екі жақты. Бірінші жағынан, олар қылмыс құрамы белгілерінің

жиынтығына кіреді және бұл жөнінен оларды құрам белгілері ретінде сипаттайтын белгілі бір ерекшеліктерге ие болуы қажет. Екінші жағынан, олар негізгі құрам белгілеріне өзіндік қосымша мән-жайлар болып табылады. Ауырлататын мән-жайларды қылмыс құрамының саралау белгілері деп те атайды. Заң шығарушы іс-әрекеттің неғұрлым қауіпті түрлерін құрастыру үшін және тиісінше заңда қылмыстың негізгі құрамына қатысты белгіленген санкциясымен салыстырғанда неғұрлым қатаң жазаны көрсету үшін пайдаланады.

«Саралау белгілері» термині ҚР Қылмыстық кодексінде орын алмаған, бірақ ол туралы «ауырлататын мән-жайлар» деп көрсетілген (54 б.) [1].

ҚР ҚК 426 бабы бұл жөнінен құр емес. Қарастырылып жатқан норманың 2-бөлімінің диспозициясында қашудың қоғамдық қауіптілігінің сипаты мен дәрежесін жоғарылатуға едәуір ықпал ететін үш саралау белгілері: 1) адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған; 2) өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолданып, не сондай күш қолдану қатерін төндіріп; 3) қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып жасау.

Қылмыстық заңнама тарихында оның әр түрлі даму кезеңінде қашудың сараланған белгілері туралы мәселе әрқилы шешілген.

РКФСР алғашқы 1922 және 1926 жж. ҚК қашудың сараланған түрлерін көздеген жоқ. ҚазКСР ҚК 199 б. қашу құрамы да саралау белгілерін көздеген жоқ.

Бұрынғы одақтас республикалардың барлық Қылмыстық кодекстері ауырлататын мән-жайлар қатарына «сақшыға қарсы күш көрсетуді» кіргізген, ал Эстонияның ҚК 176 бабында «жеке адамға қарсы күш көрсету» көзделген. Әзірбайжан ҚК (185 б.), Армения ҚК (203 б.), Грузия ҚК (203 б.), Латвия ҚК (181 б.), Литва ҚК (195 б.), Молдавия ҚК (200 б.), Түркіменстан ҚК (209 б.), Өзбекстан ҚК (166 б.) және Украина ҚК (183 б.) ауырлататын мән-жайлар қатарына қашудың «қайталануын» кіргізген. Бұдан басқа, алты республиканың, атап айтқанда: Әзірбайжанның, Арменияның, Латвияның, Молдавияның,

Түркіменстанның және Өзбекстанның Қылмыстық кодекстерінде тағы бір саралау белгі – «адамдар тобының алдын ала сөз байласуы» бойынша жасалған қашу көрсетілген [2].

Қашудың саралау белгілері туралы мәселе алыс шетел мемлекеттерінің Қылмыстық кодекстерінде де әр түрлі шешілген. Айталық, Румыния 2009 ж. ҚК-ке (2017 ж. 27 ақпанына дейінгі өзгерістерімен) қашудың саралау белгілері қатарына оны, «күш көрсету, қорқыту не қару қолдану» арқылы жасауды енгізген (297 б.), ал қашып кетуге көмектесу өз алдына бап болып қарастырылған және қатаң жазаланады:

(1) Қашудың кез келген тәсілін жеңілдету бір жылдан бес жылға дейін қамауға алынуы мүмкін.

(2) Қашуға көмек:

а) зорлық-зомбылық, қару, есірткі немесе тоқ соғу арқылы жасалған;

б) екі немесе одан да көп адам;

в) заң бойынша өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы көзделген қылмысы үшін ұсталған немесе қамауға алынған адам немесе 10 жыл және одан да көп мерзімге бас бостандығынан айыру жазасына сотталған адам жасаса, - 27 жылға бас бостандығынан айыру көзделіп, қамаудағыларды күзетуге міндетті адамдар жасаса, - сол жаза үштен біріне ұлғаяды [3, 54 б.].

Корея Республикасының ҚК (2018 ж. күшіне енген) қашудың саралау белгілері ретінде «бас бостандығын айыру орнын қирату немесе кісенді бұзу, өзге адамдармен сөз байласу немесе күзетке қарсы күш қолдану арқылы жасау» қарастырылған (146 б.). [4]. Монғолияның 2002 ж. ҚК қашудың сараланған құрамында (261 б.) ауырлататын мән-жайлар ретінде «алдын ала сөз байласқан адамдар тобы, рецидивист, күш не қару қолданумен, күзетшіге күш қолданумен, түзеу мекемесінің үй-жайын немесе қорғаныс құралдарын бұзумен, бірнеше рет жасау» көзделген [5].

Францияның 1992 ж. Қылмыстық кодексінің 434-30 б. қашудың ауырлататын белгілеріне «қару немесе жарылғыш, тез тұтанатын немесе уытты заттарды қолданамын деп қорқытуды, сондай-ақ бірнеше тұтқындалушылар ара-

сындағы сөз байласушылықты» жатқызады. Қашудың аса саралау белгісіне аталған норма «қару немесе жарылғыш, тез тұтанатын немесе уытты заттары қолдануды» көздейді [6, 65 б.].

Сөйтіп, кейбір шетел мемлекеттерінің ҚК қашудың сараланған белгілеріне мыналарды жатқызады: күш көрсету, қорқыту, қару қолдану не қолданамын деп қорқыту, қорғаныс құралдарын, есікті, құлыпты, тор терезені қирату немесе бүлдіру, қайталап жасау, не адамдар тобының сөз байласуы.

Саралауды күшейту жағына қарай өзгертетін, заң шығарушы қылмыстың неғұрлым қауіпті түрін бөліп қарастыратын құрам белгілерін, біздің ойымызша, саралау белгілері деп атаған тиімді болар еді, бірақ қолданыстағы ҚК оларды ауырлататын мән-жайлар деп атайды.

Нақты қылмыс құрамының саралау белгілерін ҚР ҚК 54 бабында белгіленген жауаптылықты ауырлататын мән-жайлармен шатастыруға болмайды. Дегенмен, мазмұны және аталуы бойынша олар сәйкес келулері мүмкін.

Қылмыс құрамының саралау белгісінің әр нақты жағдайда сапалы сипаты немесе сипатталу дәрежесі болуы мүмкін. Мысалға, «адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған» саралау белгісі (ҚР ҚК 31 б. 2 бөл.) мынаны білдіреді, адамдар тобы, екі немесе одан да көп, күні бұрын қылмысты бірігіп жасау жөнінде келіседі, ал мынадай белгілер, айталық, «өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолданып, не сондай күш қолдану қатерін төндіріп» не «қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып жасау» төмендегіні білдіреді, қылмыс тек денелік немесе психикалық күш көрсету арқылы жасалады не оны жасау кезінде кінәлі қаруды немесе қаруды ауыстыратын нәрселерді пайдаланады [7]. Сот қылмыс құрамының саралау белгілерінің бұл қатынасын жаза тағайындау барысында ескереді.

Заң әдебиетінде саралаушы ретінде тек «тікелей іс-әрекетке және кінәлінің жеке басына қатысты және жасалған қылмыспен белгілі бір байланыста болатын мән-жайлар» ғана

болады деген тұжырым кездеседі [8, 11]. Шын мәнісінде, тек қылмысты не қылмыста байқалатын кінәлінің жеке басын сипаттайтын мән-жайлар ғана іс-әрекеттің қоғамдық қауіптілігінің өзгергенін дәлелдейді.

### Зерттеу әдістері

Мақаланы жазу барысында индукция және дедукция әдістері, талдау және синтездеу, құқықтық модельдеу әдістері, формальды-заңдық және салыстырмалы-құқықтық әдістер қолданылды.

### Талқылау

Ауырлататын (саралау) мән-жайларда қашу құрамына негізгі құрамның барлық белгілері және қосымша саралау белгісі кіреді. Сондықтан негізгі құрамның барлық белгілерін алдын ала анықтау қажет. Тек негізгі құрамның барлық белгілері айқындалған кезде ғана көбіне саралаушы мән-жайлармен анықталатын қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін жеткілікті барлық жағдайлар түгел болып есептеледі [9, 149].

Іс-әрекет қашудың негізгі және саралау құрамының белгілеріне сәйкес келген кезде, ол ҚР ҚК 426 бабы 2 бөлігінің тиісті тармағымен саралануы қажет. Бұл жағдайда арнайы норма жалпы нормаға қарағанда басым болады.

Кінәлі іс-әрекет жасау кезінде саралау мән-жайларының болуын сезбесе, жауапқа баптың қылмыстың негізгі құрамы көзделген бөлімімен тартылады. Кінәлі саралау мән-жайларын сезген жағдайда іс-әрекет сараланған құрамының белгілеріне сәйкес келеді.

Қашқаны үшін қылмыстық жауаптылықты ауырлататын белгілерді жекелеп қарастырайық. Қашудың саралау белгілерінің қатарына ҚР Қылмыстық кодексі оны «адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған» бойынша жасауды жатқызады (ҚР ҚК 426 б. 2 бөл. «1»-тарм.).

Кейбір әдебиет көздерінде қылмысты адамдар тобының алдын ала сөз байласуы

бойынша жасауы деп екі немесе одан да көп адамдардың алдын ала сөз байласуы бойынша кез келген қатысушылығын, екіншілерінде – қол сұғушылықтың объективтік жағын тек бірігіп, тікелей орындауын ғана, ал үшінші бір жұмыстарда – қылмысты әр түрлі рольдерде, егер олардың алдын ала бөлінуі болса, бірігіп жасауын түсінуді ұсынады [10, 12-14].

Адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша жасалған қашу жоғары қарқындылық, жоғары қуаттылық дәрежеге ие болады; ол қорғалатын қоғамдық қатынастарға елеулі қауіп туғызады және ауыр зардаптар тууымен ұштасады. Мұндай қашулар көбінесе қаруды иеленумен не пайдаланумен, адамды кепілге алумен, денсаулыққа зиян келтірумен, өмірді қиюмен, қашуға қарсы жасалған қоршауларды бұзумен ұласады, кейде тіпті түзеу колонияларында жаппай тәртіпсіздіктерге әкеп соғады.

Сөйтіп, осы белгіні қашу құрамына кіргізуі, оны (және басқа да саралау белгілерін) ескере отырып жазаның көптеу мерзімін, жоғарылау санкциясын белгілеуі әбден түсінікті және дұрыс болды.

Қылмысты адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша жасау заңмен белгіленген негіздерде және шектерде қаталдау жазаға тартылады.

Қашудың қоғамға қауіптілігі оны «өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолданып, не сондай күш қолдану қатерін төндіріп» жасаған жағдайда жоғарылайды (ҚР ҚК 426 б. 2 бөл. «2»-тарм.).

ҚК 426 бабы қашу жасау кезінде кімге қатысты күш қолданылуы мүмкін екенін нақтыламайды. Осыған байланысты іс-әрекетті ҚР ҚК 426 б. 2 бөл. «2»-тармағы бойынша саралау кезінде: 1) қашу кезінде «күш қолдану» ұғымының мазмұнына кіреді, 2) қашу кезінде кімге қатысты күш қолданылу мүмкін деген мәселелерді: шешу қажеттілігі пайда болады.

Күш қолдану деп тікелей қашу алдында, сондай-ақ оны жасау барысында жасалған денелік, не психикалық күш көрсетуді түсінеміз. Өмірге және денсаулыққа қауіпті болып жәбірленушінің денсаулығына орташа ауырлықтағы немесе жеңіл зиян келтіруге ұшыра-

татын күш қолдануды айтамыз. Бұл белгімен денсаулыққа мүлдем зиян келтірмеген, бірақ оны қолдану сәтінде жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына нақты қауіптілік болған күш қолдану да қамтылады. Өмірді қию және денсаулыққа ауыр зиян келтіру қарастырылып жатқан нормамен қамтылмағандықтан, қашу кезінде жасалған бұл іс-әрекеттерді, туған зардаптарға байланысты, ҚК 99, 106 және 426 бб. көзделген қылмыстар жиынтығымен саралау қажет.

Саралау ережелеріне сәйкес бөлік (ҚР ҚК 106 және 107 бб.) пен бүтін (ҚР ҚК 426 б. 2 бөл. «2»-тарм.) бәсекелескен кезде артықшылық бүтінге беріледі. Кінәлінің әрекеттері ҚР ҚК 426 б. 2 бөл. «2»-тармағымен толық қамтылады және денсаулыққа қарсы қылмыстар жөнінде баптар бойынша қосымша саралауды талап етпейді.

Заң әдебиетінде бұл мәселе әр түрлі шешіледі. Бір авторлардың ойынша, мұндай күш қолданудың мазмұнына жәбірленушіге ұрып-соғу және денсаулығына жеңіл зиян сияқты, сондай-ақ одан да жеңілдеу жарақат келтіру кіреді, деп болжайды [11, 312].

В.И.Егоров былай деп есептейді, мысалы, мұндай көзқарас қашу кезінде сақшыға күш қолдануда байқалатын әрекеттердің сипаты мен әлеуметтік мәнін көрсетеді және мұндай жағдайда кінәлі екі объектіге – сот төрелігі мүдделері және жеке адамның денсаулығына қол сұғатынын ескереді.

Оның ойынша, қашу кезінде жәбірленушіге жеңіл дене жарақаттарын келтіру онша ауыр емес және ауыр дене жарақаттары сияқты денсаулықты елеулі зақымдайды, сондықтан да ҚР ҚК 426 б. 2 бөл. қамтылады және қосымша саралауды талап етпейді [12, 55-56].

Мұндай тұжырыммен келісуге болмайды, себебі біз жоғарыда айтып кеткендей қашу кезінде денсаулыққа ауыр зиян немесе кісі өлімін келтіру қылмыстардың жиынтығы бойынша жауапқа тартылуы тиіс. Сөйтіп, қашу кезінде денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіруде байқалатын күш қолдану ҚР ҚК 426 бабы 2 бөлігінде көзделген құраммен қамтылмайды.

Қашу кезінде күш қолдану өзінің қызметтік немесе қоғамдық парызын орындаумен байланысты кез келген лауазымды адамның немесе қоғамдық өкілдің жағына ғана бағытталады. Және осы қылмыстың субъектісі болып кез келген азамат емес, тек бас бостандығынан айыру, алдын ала тұтқындау орындарында ұсталып жатқан немесе қамаудағы адамдар ғана танылады.

Соққы жәбірленушіге қолмен, аяқпен, баспен немесе нақты бір нәрселермен келтірілуі мүмкін. Соққы болып жәбірленуші денесінің қандай да бір мүшесі қозғалмайтын қатты нәрсемен жырып кетуі де танылады, мысалға, итеріп қалу нәтижесінде қабырғаға жығылу. Ұрып-соғу деп бірнеше соққы беруді айтамыз.

Тән ауруын келтіретін өзге күш қолдану әрекеттері көптеген болады. Олар жәбірленушінің дене мүшелерін басып-қысумен, байлаумен, оны құлатумен, сондай-ақ басқа да осындай әрекеттермен сипатталуы мүмкін.

Өзге күш қолдану әрекеттеріне В.И.Егоровтың тән ауруын келтірумен, не тін тұтастығын бүлдірумен, не адам органдарының қалыпты қызмет етуімен байланысты емес, бірақ кінәліге қашу жасауда кедергі ете алмауы үшін жәбірленушінің дене бостандығын шектеуге, оның өз міндеттерін тиісті дәрежеде орындау мүмкіндіктерінен айыруға бағытталған әрекеттерді, - ұстауды, байлауды, қандай да бір жайға қамауды, қарусыздандыруды, күшті әсер ететін заттарды, әр түрлі ұнтақты, сұйықты жатқызады [12, 84-85].

Қашу жасау кезінде, күш көрсету – бұл жәбірленушінің денесіне тек тікелей әсер ету ғана емес, сондай-ақ жанама – көзіне құм, темекі шашу, газды қарудан ату және т.б.

Күш көрсетудің түрі ретінде сот тәжірибесі жәбірленушіні оның еркінен тыс организміне күшті әсер ететін, улы немесе есеңгіретін заттарды енгізу арқылы ессіз күйге келтіруге бағытталған әрекеттерді де есептейді [13, 416].

Бас бостандығынан айыру орнынан, тұтқындаудан немесе қамаудан қашуда қолданылатын күш көрсетуді құқықтық бағалау кезінде, жәбірленушінің денсаулығына нақты зиян келтіру түрінде туған зардаптардан басқа, кінәлінің жәбірленушіге ықпал ету ны-

санын, сипатын, қарқындылығын, сол кезде қолданылатын нәрсе мен қаруды, сондай-ақ кінәлінің қасақана ойымен қандай зиян келтіру қамтылғанын ескеру қажет.

Спирт ішімдіктерімен немесе әсер ету дәрежесі жәбірленушіге белгілі өзге де заттармен «қошеметтеу» нәтижесінде ол ессіз күйге түсіп, ал кінәлі, соны пайдаланып, қашу жасайтын жағдайлар күш қолдану болып қарастырылмайды.

Заң әдебиеттерінде адамның бостандығын шектеу күш көрсетуге жатуы я жатпауы жөнінде мәселе пікірталас туғызады. Осы проблемамен айналысатын заңгер ғалымдар арасында үш түрлі пікір қалыптасқан, соған сәйкес: 1) жәбірленушінің бостандығын шектеу күш көрсету болып саналмайды; 2) кез келген бостандықты шектеу әрекеті күш көрсету болады; 3) күш көрсету болып кез келген емес, тек жәбірленушінің денесіне тікелей әсер етумен ұштасқан бостандықты шектеу әрекеті ғана танылады (байлау, аузын жабу, камераға итеріп жауып тастау және т.б.) [14, 11-12].

Күш көрсетумен ұштасқан қашу кезінде күш көрсету әрқашан қашудың кедергісіз жасалуын қамтамасыз етудің құралы ретінде болады және жәбірленушінің қашуға кедергі жасау мүмкіндігінен айыру үшін қолданылады. Байлап тастауда, камераға итеріп жауып тастауда, оны ұстап тұруда (қашқындарды қуып жетуге оқталған кезде), аузын жабуда (дабыл қағуға, көмекке шақыруға оқталғанда) байқалатын қашу жасау үшін жәбірленушінің бостандығын шектеу сөзсіз қашу жасаудың осындай құралы болады. Бұл әрекеттер күш көрсету сипатын алады, себебі кінәлі, оларды жасай отырып, жәбірленушінің организміне әсер етеді, оның әрекет бостандығын шектейді, сөйтіп қашу жасауға кедергі ету мүмкіндігін кемітеді [15].

Кінәлінің мінез-құлқы, оның қолданатын құралы мен қаруы, қылмыс жасау жағдайы қылмыскердің өз қорқытуын, егер жәбірленуші (күзетші, айдауылшы) оның талаптарын орындамаса, кідіртпей іске асыратын шын ойын дәлелдейді. Бұдан басқа, ол өз өзінен жәбірленушіге, оның психикасына кері әсер етеді, қандай да бір дәрежеде оның еркін әл-

сіретеді, сотталғанның қашу жасауына жол бермеу мақсатында белсенді әрекеттер ету қабілетін төмендетеді.

Жәбірленушінің бостандығын шектейтін әрекеттер тән ауруын келтірмеуі де мүмкін. Алайда, мұндай жағдайда олар қашудың ойдағыдай болуын қамтамасыз ететін құралы бола отырып, күш көрсету сипатын сақтап қалады.

Денелік күш қолдану сияқты, психикалық күш қолдану да адам денсаулығына өте қолайсыз ықпал етуі мүмкін, оған сот және медицина тәжірибесі дәлел болады. Айталық, мысалы, И. И. Загородников ірі дәрігер ғалымдар Ф.Углов пен К.Быковтың «эмоциялы ықпал ету жиі қандай да бір денелік факторға қарағанда, бірнеше есе көп әсер етуі мүмкін» деп айтқандарын келтіреді [16].

Бас бостандығынан айыру орнынан, қамақтан немесе күзеттен қашудың қоғамға қауіптілігі қару немесе қару ретінде пайдаланылатын нәрселер қолданылып жасалған жағдайда (ҚК 426 б. 2 бөл. «З»-тарм.) айтарлықтай өседі. Қашу кезінде қару қолдану көп жағдайда қылмыстық ойын ойдағыдай жүзеге асыру шарты болып табылады. Қару бұл жағдайларда күзет өкілдеріне немесе өзге адамдарға денелік немесе психикалық әсер ету құралы немесе қашуға қарсы орналастырылған құрылғыларды қирату құралы болып табылады.

Іс-әрекетті дұрыс саралау үшін қашу жасау нәрсесі және құралы ретінде «қару» ұғымын түсінудің маңызы бар. Қылмыстық құқықта қару деп тірі нысананы құрту үшін арнайы құрастырылған және жарамды, оларды жасау, алып жүру және пайдалану үшін құқық қорғау органдарының рұқсаты қажет нәрсе түсініледі [17, 1046].

Қару екі түрге бөлінеді: атыс және суық. «Атыс қаруы деп: а) снарядты, оқты ұшыру үшін оқ-дәрі газы пайдаланылатын; б) шаруашылық-тұрмыстық қажеттілігі үшін пайдаланылмайтын; в) тек тірі нысананы құрту немесе спорт шаралары үшін ғана арналған нәрселер саналады.

Нәрсені суық қару деп есептеу үшін келесі белгілер қажет: а) нәрсе тек жеке адамның

өмірі мен денсаулығына зиян келтіру үшін ғана арналуы; б) онда тиісті конструктивтік ерекшеліктері болуы; в) нәрсеге арнайы құқықтық режимнің таралуы» [18, 7-8].

Қару құрылысы бойынша тірі немесе өзге нысананы құрту үшін, сондай-ақ белгі беру үшін арналған құрылғылар мен нәрселер деп танылады. Заңнамаға сай, атыс қаруы деп нысананы бағыт қозғалысын жарылғыш заттардың қуаты есебінен алатын снарядпен қашықтықта механикалық құртуға арналған, ал суық қару – деп нысананы адамның бұлшық еттерінің күш көмегімен, құрту объектісімен тікелей контакт кезінде, құрту үшін арналған қару түсіндіріледі [19].

Сөйтіп, нәрсенің дәл сол ату арқылы немесе адамның бұлшық етінің күші көмегімен тірі нысананы құрту үшін арналғандығының нәрсені қару деп тану үшін шешуші маңызы болады.

Қарудан қару ретінде пайдаланылатын нәрселерді және денсаулыққа зиян келтіруі үшін арнайы бейімделген нәрселерді және денсаулыққа зиян келтіруі арнайы бейімделген нәрселерді ажырату қажет. Оларда қарудың кейбір қасиеттері бар және олар кінәлі шабуылға тап болған адамға қатысты күш қолдану құралы ретінде қолданылады. Бірақ қарудан айырмашылығы аталған нәрселердің жетілу дәрежесі оларды қару ретінде санауға жетпейді, себебі зақым келтіру қасиеті, оларды пайдалану ыңғайлығы және қолдану тиімділігі қаруға қарағанда едәуір кем.

Пневматикалық мылтық, белгі беру, мәре беру, құрылыс, газды тапаншалар, ракетницалар, сондай-ақ құрамында жарылғыш заттар мен қоспалар бар, оқ атуда қолдану үшін арналмаған пиротехникалық және жарықтандыру құралдары атыс қаруына жатпайды [20], бірақ ҚК 426 б. 2 бөл. «З»-тарм. көзделген іс-әрекеттің нәрсесі болып танылады, себебі аталған баптың диспозициясында заң шығарушы қару немесе қару ретінде пайдаланылатын нәрселерді қолдану сияқты саралау белгісін белгілеген.

Егер қашу кезінде кінәлі көрінеу жарамсыз қарумен немесе жалған қарумен, мысалға, тапанша пішімімен (макет), ойыншық

қылышпен және т.б., бұл нәрселерді денсаулыққа зиян келтіру үшін пайдалану ойынсыз, қорқытса, оның әрекеттері, басқа ауырлататын мән-жайлар болмаған жағдайда, ҚК 426 б. 1 бөл. көзделген қашу ретінде саралаған дұрыс.

Көрінеу жарамсыз қарумен немесе қарудың пішімімен қорқыту қашуды сараланған ретінде қарастыру үшін негіз бермейді. Бұл нәрселер жәбірленушіге шын (атыс) қаруды қолданатындай болып көрінуі мүмкін, бірақ, олар кінәлінің жоғары қоғамға қауіптілігінің дәлелі бола алмайды, себебі жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіре алмайды.

### Нәтижесі

Негіздей келе, өмірге немесе денсаулыққа қауіпті емес күш қолдануды не осындай күш қолданамын деп қорқытуды ҚК 426 б. 2-бөлігіне енгізіп, ал өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолдануды не осылай қорқытуды қашудың аса сараланған құрамы ретінде қарастырылып жатқан норманың 3-бөлігіне толықтыру қажет деп санаймыз. Бірінші кезекте бұл өмірге немесе денсаулыққа қауіпті емес күш қолдану не осындай күш қолданамын деп қорқыту ҚР қолданыстағы заңында, дәлірек айтқанда талданып жатқан қылмыстық-құқықтық нормада болмауымен байланысты.

Сонымен қатар, ҚР ҚК 426 б. 2 бөл. «3»-тармағында көзделген қылмыстың қару-аспабы ретінде қару ретінде пайдаланылатын нәрселерді қолданудан басқа, қашудың саралау белгісі ретінде оқ-дәріні, жарылғыш заттарды және жару қондырғыларын қолдануды есептеу тиімді болар еді.

Қару пайдаланып қашу жасаудағы кінәлінің әрекеттерін құқықтық бағалау кезінде, біздің пікірімізше, оқ-дәрілерді пайдалану ҚР ҚК 426 б. 2 бөл. «3»-тарм. көзделген ауырлататын мән-жай ретінде қарастырылуы қажет.

Қарулы қашуды ҚР ҚК 426 б. 2 бөл. «3»-тармағымен саралауға қару қолдану нәтижесінде

ешкім зардап шекпегендігі әсер етпейді. Егер де сол кезде жәбірленушіге қасақана денсаулығына ауыр зиян келтірілсе не қасақана өлтірілсе, онда қашу аталған қылмыстардың жиынтығы бойынша, атап айтқанда ҚР ҚК 426 б. 2 бөл. «3»-тарм. және туған зардапқа тәуелді ҚР ҚК 106 б. не ҚР ҚК 99 б. саралау қажет.

Бұдан басқа айта кететін жәйт, қолданыстағы қылмыстық заңда ҚК 426 б. қашудың қоғамға қауіптілігін сипаттайтын кейбір белгілер ескерілмеген және олардың саралау белгілері ретінде болмауына байланысты, көбіне сот-тергеу тәжірибесінде кінәлілердің әрекеттері әр түрлі сараланады. Сөз қашу жасау барысында әдетте инженерлік-техникалық құрылыстар жойылатыны не бұзылатыны (ҚК 426 б. 2 бөл. бойынша қозғалған барлық зерттелген қылмыстық істердің жартысына жуығы), өте жиі жер қазу жасалатыны (тиісінше 40 пайызы), қашуды бірнеше рет жасау (30 пайыздан астам), ұйымдасқан топпен (20 пайыздан астам), адамды кепілге алумен (соңғы кезде жиілеп кетті – 35 пайыздан астам) жасау жөнінде болып отыр.

Қылмыстық кодекстің 426-бабына жаңа сараланған және ерекше сараланған белгілерді енгізудің орындылығын төменде келтірілгендей негіздейміз. Қашу жасағанда, оны жасаған адамдар, әдетте, қамалып отырған орынның инженерлік-техникалық құрылыстарының қабырғалары мен кірпіштерін қиратып, мүліктік зиян келтіреді; жер қазады, сол арқылы басқа да тұтқындағы адамдардың қашуына жағдай туғызады; іс-әрекетінің ойдағыдай аяқталуы үшін тұтқындау орындарының әкімшілік өкілдерін не күзетшілерді кепіл ретінде алады.

Сонымен қатар, қашу іске аспай қалған жағдайларда, қашуға бет бұрғандар оны қайта жасауға әлденеше рет оқталады, және де өздерінің пиғылдарын бірігіп ұйымдасқан топпен жүзеге асырады, бұл топ әркімнің рөлін бөледі, күзет қызметкерлерін сатып алады, қашу ісін жеңілдету үшін және ұстай қалған жағдайда қарсыласу үшін құрал-аспаптар және қару-жарақтар дайындайды және т.б. оның үстіне ескере кету қажет, ұйымдасқан

топтың қайнар көзі ретінде көбінесе бұрын түзеу мекемелерінде жазасын өтеген адамдар танылады [21, 12]. Ал бұлардың барлығы қашудың тікелей объектісінен басқа қосымша зардаптар (адамның жеке басына, мүліктік, ұйымдастырушылық және т.б.) келтіреді немесе сондай залал келтіру қаупін туғызады. Осы жерде, яғни кінәлінің әрекеттерінде көрсетілген белгілер болса, оны қалай саралау керек деген сұрақ туындайды. Егер бұл белгілер жасалған іс-әрекетпен тікелей себепті байланыста болса, саралау кезінде қылмыстардың жиынтығы ережелерін қолданған орынды болар ма екен. Біздің ойымызша, келтірілген мысалдар бойынша кейбір өз алдына дербес саралауды талап ететін мән-жайдан, атап айтқанда, адамды кепілге алумен ұштасқан қашудан басқа жағдайларда, егер барлық белгілер бір баптың құрамына енгізілген болса, қосымша саралау қажет етілмейді. Алайда, әзірге, ҚР қолданыстағы қылмыстық заңының 426-бабында бұл белгілер орын таппаған. Мұнымен қоса, көрсетілген ауырлататын және аса ауырлататын мән-жайларда қашу жасаудың қоғамға қауіптілігі бұл қылмыстың жай құрамына қарағанда анағұрлым жоғары, яғни осы норманың да, туған зардапқа байланысты қосылатын қосымша норманың да 1-бөлімдерінде белгіленген санкцияларымен қамтылмайды.

Айталық, Ақтау қаласындағы қатаң тәртіптегі түзеу мекемесінен атышулы қашу барлық ауырлататын және, біздің пікірімізше, аса ауырлататын мән-жайларда жасалған. Травматикалық және басқа да қаруды, қолдан жасалған жарылғыш заттарды қолдану арқылы және сыбайластарының көмегімен бір топ сотталғандардың жаппай қашып кетті. Тысқарыда сотталғандар сыбайластары трансформатор станциясын істен шығарып, автокөліктерімен күтіп тұрған. Қашқындар қарумен қарауылды жарақаттап қоршаудан өтіп, кейбіреулері жаяулап, біразы өздерін күтіп тұрған көліктерге мініп іздерін суыртпақ болған. Қашу кезінде жетеуі өлтіріліп, біреуі сол жерде ұсталды, қалған 13-і қашып үлгерген. Бір аптадан кейін 6-уы ұсталып қалғандары өз өздерін автокөлікте жарған [22].

## Қорытынды

Қорыта айтқанда, жоғарыда көрсетілген белгілер болған кезде норманы қолдануда әрқилы талқылауға жол бермеу үшін, заңды бір үлгіде қолдану мақсатында және қашу жасауда кінәлі адамдардың қоғамға қауіптілігі дәрежесіне қарай жауаптылығын жеке-дарау үшін, сондай-ақ бірнеше жылдар кезеңіндегі сот-тергеу тәжірибесінің материалдарын зерделеу негізінде ҚК 426-бабына бірқатар сараланған және аса сараланған белгілерді енгізу қажет деген шешімге келіп отырмыз. Айтылғандар негізінде, қарастырылып жатқан норманы келесі редакцияда беруді ұсынамыз:

«1. Жазасын өтеуші немесе алдын ада қамаудағы адам жасаған бас бостандығынан айыру орнынан, қамақтан немесе күзеттен қашу, - ... жазаланады.

2. Дәл сол әрекет:

1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша;

2) өмірге немесе денсаулыққа қауіпті емес күш қолданылып, не осындай күш қолданымын деп қорқытумен;

3) қару немесе қару ретінде пайдаланылатын заттар қолданылып, сондай-ақ оқ-дәрілер, жарылғыш заттар немесе жару қондырғыларын пайдаланып;

4) бірнеше рет;

5) инженерлік-техникалық құрылыстарды бұлдіру арқылы, сондай-ақ жер қазу жолымен жасалса, - ... жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер олар:

1) ұйымдасқан топпен;

2) өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолданылып, не осындай күш қолданымын деп қорқытумен;

3) адамды кепілге алумен ұштасып жасалса, - ... жазаланады».

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат (департамент) орталығының мәліметтеріне жүгінсек, ҚК 426-бабы бойынша 2021 жыл бойы 13, ал биылғы жылдың алғашқы 4 айы ішінде 4 қашу фактілері тіркелген.



Жазасын өтеп жатқан немесе алдын ала қамаудағы адамдардың жасаған қашуларының қоғамға қауіптілігі мынада, олар сот төрелігін дұрыс іске асыруға және қылмыстық жаза мақсаттарының жүзеге асырылуына кедергі келтіреді, қашу жасалған мекемелерде келеңсіз әлеуметтік-психологиялық жағдай туғызады.

Сондықтан жоғарыдағыларды қорытындылай келе, қашушылық құқық қорғау

органдарының беделіне елеулі нұқсан келтіреді, қашқан адамдарды іздеп ұстау үшін күш-құралдар жұмсалып, олардың қылмысқа қарсы күресудегі өзге де кідіртілмейтін міндеттерін шешуге кедергі етеді, азаматтардың тыныштығын бұзады, сондай-ақ олардың қоғамға қауіп туғызатын қылмыскерлерді мемлекет тарапынан күмәнсіз оқшаулатуды қамтамасыз ету қабілетіне сенімсіздігін арттырады.

### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілде. [Электрон. ресурс] - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (қаралған күні: 25.01.2022).
2. Уголовное законодательство СССР и союзных республик. В 2-х томах. – М., 1963. – 577 с.
3. Criminal Code of the Republic of Romania (2009, amended 2017) (English version). [Электрон. ресурс] - URL: [https://www.legislationline.org/download/id/8291/file/Romania\\_Penal%20Code\\_am2017\\_en.pdf](https://www.legislationline.org/download/id/8291/file/Romania_Penal%20Code_am2017_en.pdf) (қаралған күні: 21.02.2022).
4. Уголовный кодекс Республики Корея. [Электрон. ресурс] - URL: <https://vseokoree.com/vse-o-koree/zakony-i-normativnye-pravovye-akty/ugolovnyj-kodeks-respubliki-koreya> (қаралған күні: 21.02.2022).
5. Criminal Code of Mongolia. [Электрон. ресурс] - URL: <https://wipolex.wipo.int/ru/text/496814> (қаралған күні: 21.02.2022).
6. Уголовный кодекс Франции. [Электрон. ресурс] - URL: [https://yurist-online.org/laws/foreign/criminalcode\\_fr/\\_doc-5-.pdf](https://yurist-online.org/laws/foreign/criminalcode_fr/_doc-5-.pdf) (қаралған күні: 21.02.2022).
7. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық: жалпы бөлім. Алматы: Жетіжарғы, 2001. – 352 б.
8. Кругликов Л.Л., Савинов В.Н. Квалифицирующие обстоятельства: понятие, виды, влияние на квалификацию преступлений. – Ярославль, 1989. – 88 с.
9. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан: общая и особенная части / под общ. ред. Борчашвили И. Ш. 2-е изд., испр. и доп. - Алматы: Жеті жарғы, 2007. – 989с.
10. Тельнов П. Понятие и квалификация групповых преступлений // Советская юстиция. – М.: Юрид. лит., 1974, № 14. – С. 12-14
11. Комментарий к УК РСФСР. – М., 1985. – 527 с.
12. Егоров В.И. Уголовная ответственность за побег из места заключения или из-под стражи. – Рязань, 1985. – 23 с.
13. Рахметов, С. М. Преступление против правосудия. Монография. – Алматы: Жеті жарғы, 2007. – 219 с.
14. Гаухман Л.Д. Борьба с насильственными посягательствами. – М., 1979. – 346 с.
15. Ресей қылмыстық құқығы. Жалпы бөлім: лекциялар курсы / А. В. Наумов. – Астана: Фолиант, 2005. – 708 б.
16. Загородников И.И. Преступления против здоровья. – Москва: Юрид. лит., 1969. – 166 с.
17. Борчашвили И. Ш. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Ерекше бөлім. 2-том. – Алматы: Жеті Жарғы, 2021. – 1116 б.
18. Рустамбаев М.Х. Уголовно-правовые и криминологические проблемы борьбы с незаконным владением и применением оружия: диссертация... кандидата юридических наук: 12.00.08. – Ташкент, 1983. – 215 с.
19. «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы N 339 Заңы. [Электрон. ресурс] - URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000339\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000339_) (қаралған күні: 13.02.2022).

20. «Атыс қаруларын, оқ-дәріні, қару-жарақты немесе жарылғыш заттарды ұрлау, оларды заңсыз алып жүру, ұстау, жасау немесе өткізу, атыс қаруларын ұқыпсыз ұстау туралы істер жөніндегі сот тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1995 жылғы 21 шілдедегі N 4 нормативтік қаулысы. [Электрон. ресурc] - URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P95000004S\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P95000004S_) (қаралған күні: 13.02.2022).

21. Мауленов Г.С. Криминологическая характеристика организованной преступности. – Алматы, 1997. – 153 с.

22. Ақтау қаласындағы №23 түзету мекемесінен жаппай қарулы қашу туралы ресми ақпарат. [Электрон. ресурc] - URL: [https://www.inform.kz/kz/aktau-kalasyndagy-23-tuzetu-mekemesinen-zhappay-karuly-kashu-turaly-resmi-akparat\\_a2280643/amp](https://www.inform.kz/kz/aktau-kalasyndagy-23-tuzetu-mekemesinen-zhappay-karuly-kashu-turaly-resmi-akparat_a2280643/amp) (қаралған күні: 13.02.2022).

23. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат (департамент) орталығының мәліметтері. [Электрон. ресурc] - URL: <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics> (қаралған күні: 24.05.2022).

### А.Б. Байсултанов

*Актюбинский юридический институт им. М. Букенбаева МВД Республики Казахстан, Актобе, Казахстан*

#### Характеристика побега из мест лишения свободы, из-под ареста или из-под стражи при отягчающих обстоятельствах

**Аннотация.** Проблемы уголовной ответственности за побег из мест лишения свободы, из-под ареста или из-под стражи при отягчающих обстоятельствах, предусмотренного ч. 2 ст. 426 Уголовного кодекса Республики Казахстан, по степени общественной опасности вызывает серьезную озабоченность. В этой связи актуальность исследования совершения побегов при отягчающих обстоятельствах не вызывает сомнения.

Целью исследования является выработка предложений по совершенствованию действующего законодательства путем сравнения отягчающих признаков данного уголовного правонарушения в отечественном и зарубежном уголовном законодательстве.

Результатом исследовательской работы является анализ отягчающих признаков побега, для недопущения различного толкования в применении действующей нормы, с целью единого применения закона и индивидуализации ответственности виновных в совершении побега в зависимости от степени общественной опасности, а также на основе изучения материалов судебно-следственной практики за период нескольких лет, внесение предложения о включении в статью 426 УК РК ряда отягчающих и особо отягчающих признаков. Так, предлагается дополнить статью 426 УК РК новой частью 3, предусматривающей в качестве одного из особо отягчающих признаков «побег, совершенный с применением насилия, опасного для жизни или здоровья, либо с угрозой применения такого насилия», с целью индивидуализации ответственности за его совершение в зависимости от общественной опасности деяния.

**Ключевые слова:** места лишения свободы; побег; отягчающие обстоятельства; квалифицирующие признаки; группа лиц; оружие; применение насилия.

### А.В. Baisultanov

*Aktobe Law Institute named after M. Bukenbaeva Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan, Aktobe, Kazakhstan*

#### Characteristics of escape from places of deprivation of liberty, from arrest or custody under aggravated circumstances

**Abstract.** Problems of criminal liability for escape from places of imprisonment, from arrest or from custody under aggravating circumstances, under Part 2 of Art. 426 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan, according to the degree of public danger, causes serious anxiety. In this regard, the relevance of the study of the commission of shoots under aggravated circumstances is beyond doubt.

The aim of the study is to develop proposals for improving the current legislation, comparing the aggravating signs of this criminal offense in domestic and foreign criminal legislation.

The result of the research work is the analysis of aggravating signs of escape, in order to prevent different interpretations in the application of the current norm, with the aim of uniform application of the law and individualization of the responsibility of those responsible for the escape, depending on the degree of public danger, as well as on the basis of the study of materials of forensic practice for a period of several years, making a proposal to include a number of aggravating and especially aggravating signs in Article 426 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan. Thus, it is proposed to supplement Article 426 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan with a new part 3, which provides as one of the most aggravating signs «an escape committed with the use of violence dangerous to life or health, or with the threat of such violence», in order to individualize responsibility for its commission in depending on the social danger of the act.

**Keywords:** places of deprivation of liberty; the escape; aggravating circumstances; qualifying signs; group of persons; weapon; the use of violence.

### References

1. Qazaqstan Respublikasynyn Qylmystyq kodeksi 2014 zhylgy 3 shilde. [Elektron. resurs] - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (qaralghan kuni: 25.01.2022).
2. Ugolovnoe zakonodatel'stvo SSSR i soyuznyh respublik. V 2-h tomah. – M., 1963. – 577 s.
3. Criminal Code of the Republic of Romania (2009, amended 2017) (English version). [Elektron. resurs] - URL: [https://www.legislationline.org/download/id/8291/file/Romania\\_Penal%20Code\\_am2017\\_en.pdf](https://www.legislationline.org/download/id/8291/file/Romania_Penal%20Code_am2017_en.pdf) (qaralghan kuni: 21.02.2022).
4. Ugolovnyj kodeks Respubliki Koreya. [Elektron. resurs] - URL: <https://vseokoree.com/vse-o-koree/zakony-i-normativnye-pravovye-akty/ugolovnyj-kodeks-respubliki-koreya> (qaralghan kuni: 21.02.2022).
5. Criminal Code of Mongolia. [Elektron. resurs] - URL: <https://wipolex.wipo.int/ru/text/496814> (qaralghan kuni: 21.02.2022).
6. Ugolovnyj kodeks Francii. [Elektron. resurs] - URL: [https://jurist-online.org/laws/foreign/criminalcode\\_fr/\\_doc-5-.pdf](https://jurist-online.org/laws/foreign/criminalcode_fr/_doc-5-.pdf) (qaralghan kuni: 21.02.2022).
7. Agybaev A.N. Qylmystyq quqyq: zhalpy bolim. Almaty: Zhetizhargy, 2001. — 352 b.
8. Kruglikov L.L., Savinov V.N. Kvalifikaciruyushchie obstoyatel'stva: ponyatie, vidy, vliyanie na kvalifikaciyu prestuplenij. – Yaroslavl', 1989. – 88 s.
9. Kommentarij k Ugolovnomu kodeksu Respubliki Kazahstan: obshchaya i osobennaya chasti / pod obshch. red. Borchashvili I. SH. 2-e izd., ispr. i dop. - Almaty: Zheti zhargy, 2007. - 989s.
10. Tel'nov P. Ponyatie i kvalifikaciya gruppovyh prestuplenij // Sovetskaya yusticiya. – M.: Yurid. lit., 1974, № 14. - S. 12-14
11. Kommentarij k UK RSFSR. – M., 1985. – 527 s.
12. Egorov V.I. Ugolovnaya otvetstvennost' za pobeg iz mesta zaklyucheniya ili iz-pod strazhi. – Ryazan', 1985. -23s.
13. Rahmetov, S. M. Prestuplenie protiv pravosudiya. Monografiya. – Almaty: Zheti zhargy, 2007. – 219 s.
14. Gauhman L.D. Bor'ba s nasil'stvennymi posyagatel'stvami. – M., 1979. – 346 s.
15. Resej qylmystyq quqygy. Zhalpy bolim: lekciyalar kursy / A. V. Naumov. – Astana: Foliant, 2005. – 708 b.
16. Zagorodnikov I.I. Prestupleniya protiv zdorov'ya. – Moskva: Yurid. lit., 1969. – 166 s.
17. Borchashvili I. SH. Qazaqstan Respublikasynyn Qylmystyq kodeksine tusindirme. Erekshe bolim. 2-tom. – Almaty: Zheti Zhargy, 2021. – 1116 b.
18. Rustambaev M.H. Ugolovno-pravovye i kriminologicheskie problemy bor'by s nezakonnym vladeniem i primeneniem oruzhiya: dissertaciya... kandidata yuridicheskix nauk: 12.00.08. – Tashkent, 1983. – 215 s.
19. «Zhekelegen qaru turlerinin ajnalymyna memlekettik baqylau zhasau turaly» Qazaqstan Respublikasynyn 1998 zhylgy 30 zheltoqsandagy N 339 Zany. [Elektron. resurs] - URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000339\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000339_) (qaralghan kuni: 13.02.2022).
20. «Atys qarularyn, oq-darini, qaru-zharaqty nemese zharylgysh zattardy urlau, olardy zansyz alyp zhuru, ustau, zhasau nemese otkizu, atys qarularyn uqypsyz ustau turaly ister zhonindegi sot tazhiribesi turaly»

Qazaqstan Respublikasy Zhogargy Sotynyn 1995 zhylgy 21 shildedegi N 4 normativtik qaulysy. [Elektron. resurs] - URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P95000004S\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P95000004S_) (qaralghan kuni: 13.02.2022).

21. Maulenov G.S. Kriminologicheskaya harakteristika organizovannoj prestupnosti. – Almaty, 1997. – 153 s.

22. Aqtau qalasyndagy №23 tuzetu mekemesinen zhappaj qaruly qashu turaly resmi aqparat. [Elektron. resurs] - URL: [https://www.inform.kz/kz/aktaiu-kalasyndagy-23-tuzetu-mekemesinen-zhappaj-karuly-kashu-turaly-resmi-akparat\\_a2280643/amp](https://www.inform.kz/kz/aktaiu-kalasyndagy-23-tuzetu-mekemesinen-zhappaj-karuly-kashu-turaly-resmi-akparat_a2280643/amp) (qaralghan kuni: 13.02.2022).

23. Qazaqstan Respublikasy Bas prokuraturasy zhanyndagy Quqyqtyq statistika zhane aqparat (departament) ortalygynyn malimetteri. [Elektron. resurs] - URL: <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics> (qaralghan kuni: 24.05.2022).

**Автор туралы мәлімет:**

*Байсултанов А.Б.* – заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі, Қазақстан Республикасы ІІМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты бастығы, 41 разъезд, Курсанттар тас жолы, 1, Ақтөбе, Қазақстан.

*Baisultanov Altay B.* – Candidate of jurisprudence, Police Colonel, Head of the Aktobe Law Institute named after M. Bukenbayev of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan, 41 detour, Cadet Highway, 1, Aktobe, Kazakhstan.